




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕЛДІҢ АТЫН ЕР ШЫҒАРАР»



Белградта (Сербия) өткен әлем чемпионатына қатысқан боксшылар елге оралды. Жалпы командалық есепте екінші орынды еншілеген спортшылар елге екі алтын, екі күміс, бір қола жүлдесін сыйлады.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев қазақстандық спортшыларға жолдаған құттықтауында «елдің атын шығарар ерлерімізге табыс тілеймін!» – деген болатын. Намысқа тырысып, дүбірлі додада бар мүмкіндігін көрсеткен боксшылар кубалықтарға ғана есе жі-

берсе, үшінші орынды иемденген алып мемлекет АҚШ-ты артқа тастады. Халықаралық бокс қауымдас-тығының жеңімпаздарға табыстайтын жүлде көлемі анықталды. Қауымдастық бірінші орын үшін 100 мың доллар, екінші орынға 50 мың доллар және үшінші орынға 25 мың доллар төлейді. Бұдан бөлек спорт-шыларға мемлекеттік бюджеттен 15, 7 және 5 мың доллар қосымша сыйақы берілмек.

(Соңы 3-бетте)



ТҮЛЕКТЕР ТАРТУЫ

2-бет



ҚАРА ПАКЕТІҢ
«ҚҰПИЯСЫ»

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

МӘСЕЛЕ

КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕР ТЕКСЕРІЛУДЕ

Коллекторлардың қызметіне қатысты арыз-шағымын арқалап құзырлы органдарды жағалаушылар да, өзінің өтінішін оларға жеткізуді сұрап БАҚ өкілдерінен көмек сұрайтындар жыл өткен са-йын көбеймесе, азаяр түрі жоқ. Қыркүйек айының аяқ шенінде бұл мәселені Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған депутаттар да көтеріп, Бас прокуратура мен Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының атына сауал жолдаған болатын. Қарашаның басында жауап келді.

Коллекторлар қызметіндегі заңбұзушылықтар-ды анықтау және оның жолын кесу бойынша жұ-мыс жоспарлы жүргізіліп жатқанын хабарлаған уәкілетті орган басшылары қазіргі кезде елімізде 200-ге жуық коллекторлық ұйым жұмыс істей-тінін және олардың қызметі ел тұрғындарының тарапынан тұрақты сынға ұшырап жатқанын

мойындайды. 2020 жыл мен биылғы 8 айда кол-лекторлардың заңсыз әрекеттеріне қатысты 691 шағым түскен. Тексерулер кезінде анықталған негізгі заңбұзушылықтар – борышкерді міндет-темелерді орындауға мәжбүрлейтін жосықсыз әрекеттері; берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылысты-

ру; қарыз бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы хабарлама бойынша талапты сақтамау болып отыр. Соның нәтижесінде агенттік тиісті тізілімнен 28 коллек-торлық агенттікті алып тастау бойынша шаралар қабылдады. Сондай-ақ, 12 млн-ға жуық теңгенің 60 қадағалау шарасы мен санкцияларын қолдан-ды. Ал 22 коллекторлық агенттік қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған. Жалпы, соңғы 4 жыл ішінде коллекторлық компанияларға әкімшілік құқықбұзушылық туралы 45 хаттама жасалған екен. Сондықтан, коллекторлардың заңбұзушылықтарының алдын алу мақсатында прокуратура органдары агенттікпен бірлесіп олардың жұмысын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ агенттіктердің жауаптылығын арттыру тәсілдерін қайта қарауда.

Депутаттардың коллекторлық агенттіктердің қарыз алушылардан комиссиялар мен сыйақыларды заңсыз өндіріп алғаны үшін жауаптылық шарала-рын және тыйым салулар туралы ұсынысы да еске-русіз қалмайтын болды.

(Соңы 3-бетте)

Советхан СӘКЕНОВ,
Алматы қалалық сотының
судьясы:

«ЗАҢ ӘДІЛДІКТІҢ ДАРА ӨЛШЕМІ БОЛА АЛМАЙДЫ»



– Сот әділдігі туралы айтқан кез-де, әңгіменің бәрі айналып келіп олар-дың жұмысын көрсетіп, насихат-тайтын журналистке келіп тіреледі. Жақында сот процесі аяқталмай жес-тып журналистер мен блогерлердің ол туралы ақпарат таратуына ты-йым салу мәселесі Парламентте қа-ралғаны белгілі. Бұған кәсіби маман ретінде не айтасыз?

– Келісемін. Әрине, сот процесі аяқталмай жатып жазуды, жария етуді бір жағынан сотқа қысым жасау деп бағалауға болады. Өйткені, соттың қандай шешім шығаратынын ешкім білмейді ғой.

(Соңы 5-бетте)

НАРАЗЫ БОРЫШКЕРЛЕР ҚАТАРЫ НЕГЕ АЗАЙМАЙ ТҰР?

ОЙ ТАЛҚЫ

Қанат ЖҰМАБАЙ, Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы өкілдігінің уәкілі:

– Коллекторлық қызмет туралы арнайы заң болғанымен, коллекторлардың бүгінгі таңда азаматтармен, борышкерлермен жұмыс істеу мәдениеті әлі қалыптаса қойған жоқ. Олар біржақты және өктем. Адаммен сөйлескен кезде де бұйырып, заңның талап ету жақтарын ғана жаттап алған. Сондықтан, бұл қызметке басымдық бер-меу керек. Содан кейін ол жерде неше түрлі адамдарды жұмысқа алады. Халықпен, борышкерлермен жұмыс істейтін адамның міндетті түрде құқықтық сауаты болуы қажет.

Коллекторлық агенттіктердің қызметіне қатысты соңғы жыл-дары жұртшылық тарапынан әлеу-меттік желілерде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да көп сын айтылуда. Алайда, олардың сын-нан нәтиже шығарғаны байқалмай-ды. Бұл туралы сарапшылар пікірі қандай?

лерін негізсіз деуге болмайды. Мәселен, мерзімі өтіп кеткен немесе адамдар жауып тастадық деп жүрген кредиттерді де коллекторларға орындауға берген жағдайлар аз емес.

Құнанбай МҰСАЕВ, Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:

– «Коллекторлық қызмет туралы» заң елімізде 2017 жылы қабылданған еді. Алайда, 4 жылдың ішінде оған 10 рет өзгерістер мен түзету жасал-ды. Оның алғашқысы 2017 жылы енгізілсе, 2018 жылы екіншісі, ал 2019 жылы бес рет, 2020 жылы бір рет, биыл 2 рет өзгерістер мен түзету бол-ды. Бір қараған адамға заң мінсіз көрінуі мүмкін. Оны қолдану барысында түрлі мәселе туындауда. Халықтың коллекторлық агенттіктердің қыз-метіне қатысты айтып жүрген сын-ескертпе-лерін негізсіз деуге болмайды. Мәселен, мерзімі өтіп кеткен немесе адамдар жауып тастадық деп жүрген кредиттерді де коллекторларға орындауға берген жағдайлар аз емес.

(Соңы 3-бетте)

ЕГЕМЕНДІК ЕСЕЙТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

Тәуелсіз ел болуды армандамайтын ұлт жоқ. Біздің еліміз де сондай асыл арманның жетегінде жүріп, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне 1991 жылы қол жеткізді. Міне сол тәуеткен тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толып отыр.

Шын түсінген адамға бұл өлшеусіз бақыт. Мұндай баға жетпес құндылықтың қадірін болжау үшін сандарды сөйлетсек жеткілікті. Айталық дүниежүзінде екі мыңнан аса ұлт пен ұлыс тіршілік етеді. Бірақ, осы екі мыңнан аса ұлттың өз мемлекетін құрып, өз алдына азат ел болу бақытына ие болып отырғаны аз. Себебі, әлемде тек 206 мемлекет өзін тәуелсіз ел ретінде жариялаған. Алайда оның ішінде 198 мемлекетті ғана әлем халқы тәуелсіз ел ретінде мойындайды. Міне сол таңдаулылардың қатарында біздің Отанымыз – Қазақстан да бар.

1991 жылы Тәуелсіздік декларациясын қабылдаған еліміз 16 желтоқсанда өзін Егеменді мемлекет деп жаһанға жария салды. Қазақстанның қуанышын бөлісіп, азаттығын мойындаған мемлекеттер бірінен кейін бірі құттықтауын жолдап, әріптестік байланыс орнатуға ықылас танытып жатты. Қазақ баласына бұйырған бақ, жүректі толқытар шақ еді бұл. Міне, тәуелсіздіктің жолына тәй-тәй қадам басқан Қазақстан бүгінде тұғырлы, танымал мемлекеттің біріне айналды. Отыз жылдың ішінде дамудың даңғыл жолына түскен елімізді бүгінде білмейтін ел жоқ. Әріс-жақын шетелдердің барлығы дерлік бізбен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Бұған елдегі тыныштық пен татулықтың, қауіпсіздік пен заңдылықтың ықпал етері анық. Міне, сондықтан да, тәуелсіздік алған сәттен бастап бізде заңның пәрменін арттыруға, құқықтық мемлекет құруға жан-жақты жағдай жасалды. Заңы мықты елмен байланыс орнатуға, кәсіп жүргізуге қай ел болсын мүдделі. Біз отыз жыл ішінде осындай қауіпсіз қоғам қалыптастыруға қол жеткізгенімізді мақтаныш етеміз.

Осы жылдар ішінде отандық сот та қалыптасу, даму, өркендеу жолынан өтті. Мемлекет сот жұмысының жандануына толық қолдау көрсетті. Сот қызметінің сапалық тұрғыдан өсуіне қамқорлық та-

нытып қоймай, мемлекет судьяларға үлкен жауаптылық жүктеді. Бұл – әділ шешім шығару арқылы азаматтардың сотқа, тура төрелікке деген сенімін нығайту талабы. Мұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Адамдар өз мәселелерін шешу үшін айлап-жылдап билік дәліздерінде жүгіруге тиіс емес. Заң бұзылған жағдайда адам сотқа баруы тиіс және сол жерде өз құқықтары мен бостандықтары қорғалатынына сенімді болуы керек. Барлық өркениетті әлемде осылай. Демек, кез келген нағыз сот реформасының түпкі мақсаты – судьялардың адалдығы мен кәсібилігі, әділдік және әділ сотқа қолжетімділік болып саналатын тәуелсіз және сатылмайтын сот билігі. Судья – тек заңдылықтың үстем болуына жол ашушы ғана емес, ол қоғамдағы қайшылықтарды жоюға, адами қатынастарды үйлестіруге, азаматтардың өмірін сенімді әрі тұрақты етуге жауапты тұлға» деген сөздерінен аңғару қиын емес.

Тәуелсіз елдің тәуелсіз сот билігі міне осы бағытта дамып келеді. Отыз жылдың ішінде сот саласында жасалған жұмыс ұшан-теңіз. Үшінші билік осы уақыт аралығында үлкен өзгерістерді басынан өткерді. Отандық заңнама базасы толықты. Соттағы жеделдік, қолжетімділік, ашықтық артты. Сапаға жұмыс істеуге қадам жасалды. Халықаралық тәжірибені ескере отырып көптеген оң үдерістер тәжірибеге енгізілді. Алкабилер сотының енгізілуі, медиация институтының дамуы, сот сатыларының оңтайландырылуы, мамандандырылған соттардың құрылуы осы жаңашылдықтардың бір парасы ғана. Сонымен бірге жаңа технологиялардың сот қызметіне енгізілуі халықты әуре-сарсаңнан, артық шығыннан арылтып, уақытын үнемдеуіне бірден бір ықпалын тигізді.Әлемді дендеген коронавирус індеті кезінде де сот жұмысының ақсамай, қалыпты режимде қызмет етуіне де осы жаңа технология игіліктерінің көмегі тигені ақиқат. Егемендік есейткен құрылымның алдағы уақытта ел сенімін ақтайтыны талассыз.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Алматы облысы
Қапшағай қалалық сотының
судьясы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәңгілік ел» сағат стеласы салтанатты түрде ашылды. Бұл архитектуралық нысанды ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай түлектер университетке сыйға тартқан. Сағаттың ашылу салтанатына Конституциялық Кеңес төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ-дың Құрметті профессоры Салтанат Байқошқарова және ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов сынды зиялы қауым өкілдері, Нұр-Сұлтан мен Алматы шаһарынан арнайы келген меценаттар мен университеттің оқытушы-профессорлары және білім алушы жастар қатысты.

Шараға арнайы шақырылған меймандар сөз сөйлеп, айтулы оқиғаман құттықтады. Конституциялық Кеңес төрағасы Қайрат Мәми өз кезегінде жобаның мақсаты – ҚазҰУ қалашығы-



ның тұрғындары мен қонақтарына оқу, жұмыс істеу және тұрмыс үшін жайлы орта құру екенін тілге тиек етті.

«Қазақ ұлттық университетінде бірақтар жұмыс атқарылып келеді. Түлектер қауымдастығының бастауымен студенттерге шәкіртақы беру жұмысы жалғасын тапты. Сонымен қатар қалашықтың көркеюіне үлес қосу мақсатында көптеген нысан бой көтерді. Осы сағат стеласының құрылысы да Түлектер қауымдастығының бастауымен жүзеге асып отыр. Жасалған жұмыстарды мен мақтанышпен айта аламын», – деді Қайрат Мәми.

Сағат стела «Мәңгі-

ҚҰҚЫҚ

ЖЕЛТОҚСАН ЖАДЫМЫЗДА

Егеменді еліміздің тарихында Желтоқсан мен Тәуелсіздік – егіз ұғым. Екеуін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды. Өйткені бүгінгі қасиетті де қастерлі Тәуелсіздігіміз – сонау сексен алтының ызғарлы желтоқсанында алаңға шыққан қазақтың қайсар ұл-қыздарының төгілген қанымен, үзілген жанымен келгені тарихымызға өшпестей болып жазылған шындық.

Сол бір дүрбелең шақта ұлы дүрмектің арасынан табылған мен үшін Желтоқсанның орны бөлек, маңызы ерекше. Әр жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі жакындағанда, жүрекке жара салған Желтоқсан жадымда жаңғырады. Таяуда қандықойлек жолдастардың бір парасымен жүздесудің сәті түсті. Бұл жолы да әдемі кездесуге себеп болған «Желтоқсан – Алматы». Иә, жүздеген «желтоқсаншының» басын қосқан жаңа қоғамдық ұйымға осындай атау беріліпті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық және Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдық мерейлі тойларының қарсаңында жаңа қоғамдық бірлестіктің ашылу салтанатына куә болып қайттық.

Бірлестік төрағасы Жандыбай Серікбек Дүрүмбайұлы жиын басында қоғам мүшелерінің қатарына жаңадан қосылған Желтоқсан ардагерлерін таныстырып, куәліктерін табыс етті. Сонымен қатар бүгінгі күннің батырларын «Желтоқсан қаһарманы» төсбелгісімен марапаттады.

Келесі кезекте төраға ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың Парламенттегі «Ақжол» және Nur Otan фракциялары депутаттарының Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды құрметтеу, оларды әлеуметтік қолдау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалына берген жауабының толық мәтінімен таныстырды.

Жиын барысында қоғамдық ұйымның алдағы жұмыс жоспары ортаға салынды. Ең алдымен қазақ елінің патриоты болам деген әр азамат алдымен аты-жөнін қазақшалауы тиіс. Қағарда жүрген ардагерлерді ұлықтау мақсатында әрқайсысының туған елімен тығыз қарым-қатынас орнатқан абзал. Батырлар оқыған білім ұясында қолда бар жәдігерлерден Желтоқ-



сан бұрышын жасақтап, жергілікті әкімшілікпен бірлесе ескерткіш қою, тақта орнату мәселелерін қолға алу керек. Ондағы мақсат жас түлектерге қасында жүрген бүгінгі ардагерлерді насихаттау, мақтан ету, сонау 1986 жылы 16 мен 25 жас арасындағы жастардың ұлттың намысы үшін жасаған өжеттіктерін үлгі тұту. Екіншіден, ескерусіз, елеусіз қалған Желтоқсан батырларын ауыл-ауылдан іздеп тауып, ұйымға тарту.

2009 жылы ҚР Әділет министрлігінде заңды тіркеуден өткен «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің алғашқы төрағасы Бейсенғазы Сәдуаұлының басшылығымен бүгінге дейін 170-ке жуық әртүрлі тақырыптағы іс-шара өтіпті. Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында Желтоқсан құрбандарына арналған ескерткіш қой-

ылып, көше берілді. Алматы іргесіндегі Талғар қаласында Алаш арыстарына ескерткіш орнатылып, Желтоқсан қаһармандарына Батырлар саябағында тасбелгі қойылды.

Жалпы, алға қойған мақсат көп. Ең бастысы – еліміздегі желтоқсаншылардан құралған 13 ұйымның басын біріктіру. Тәуелсіздік тұғырын асқақтату мақсатында ел билігіне қолдау көрсету. Ұлы Отан, ауған соғысының ардагерлері сияқты Тәуелсіздік жолында ұлтымыздың намысын қорғап қалған жастарымыздың ерлігі – Желтоқсан оқиғасы өзіне лайық бағасын алса, мемлекет тарапынан қаһармандар әлеуметтік қолдауға ие болу жолында жұмыстар атқарайық, – деді асқақ армандарымен бөліскен бірлестік төрағасы.

«Желтоқсаншылардың» әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесіне де назар аударылды. Қоғамдық көлікте тегін жүру, емдеу-сауықтыру орындарына жолдама беру, тұрғын үй салу үшін жер телімін бөлу, болашақта бірлестік мүшелеріне арнап ықшамаудан тұрғызып, Желтоқсан құрбандарының есімін көшелерге беру сияқты іргелі істерді жүзеге асыру міндеті тұрғанын айтқанда, қатысушылар қуана қолдады.

Басқосу соңында қоғам жұмысын әрі қарай жандандыра түсу мақсатында жиналғандардың арасынан белсенді азаматтарға әртүрлі міндеттер жүктелді. Сонымен қатар мүшелік жарнаның мөлшері белгіленіп, бірауыздан қабылданды.

Ұлбала ӘЛШЕВА,
«Заң газеті»

ТҮЛЕКТЕР ТАРТУУЫ

лік ел» салтанат қақпасы мен орталық аллеяның жалғасы болып табылады. Меценаттардың ұсынысы бойынша «Мәңгілік ел» сағаты биіктігі 19,3 метр стелаға орнатылды. Сағаттардың параметрлері үлкен және диаметрі 1600x1600 мм-ге жетеді. Нысан құрылысының негізгі іргетасы төрт тұғырлы биік бағаналармен бекітілген.

Шара барысында сөз сөйлеген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев келушілерді айтулы күнмен құттықтап, сағаттың неліктен «Мәңгілік ел» деп аталуын тереңінен түсіндірді.

«Мәңгілік ел» сәулет нысандары әлем елдерінде жасампаз жетістіктер мен толағай табыстар құрметіне қойылады. Сондай-ақ, патриоттық тәрбие беру, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мақсатын көздейді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясында нақтылап көрсеткендей, тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұратына қол жеткізді. Мәңгілік ел болу – біздің басты мақсатымыз. Баршаныңды бүгінгі «Мәң-

гілік ел» сағат стеласының салтанатты түрде ашылуымен құттықтаймын!» – деп ыстық лебізін білдірді.

Салтанатты шараны түйіндей келе оқу орны басшысы: «Мәңгілік ел» сағаты – түлектердің университеттің эндаумент даму қорына белсенді қолдау көрсетуінің жарқын көрінісі. Бұл бірегей архитектуралық нысан әлемдік деңгейдегі студенттік кампустың ғана емес, Алматы қаласының да көркін арттыра түскені анық. Ол Іле Алатауының қарлы шындары сияқты өзінің әсемдігімен тамсандырып, әрқайсысымызға: «Сағаттардың – бағасын, минуттардың – салмағын, секундтардың – есебін біл» деген аса маңызды ақиқатты еске салады. Алма-матер өз түлектеріне туған білім ошағының қызметіне белсенді қатысқаны үшін шексіз алғыс білдіреді», – деді.

Сағат стеласының ашылу салтанаты арнайы дайындалған концерттік бағдарламамен аяқталды.

әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

АЗАМАТТАРҒА КЕРЕГІ – ІЗГІ НИЕТ ПЕН ЖЫЛЫ СӨЗ



Кеңсе қызметі – сот жұмысының айнасы. Сотқа жүзінген азаматтардың бірінші көретіні де, алғашқы сөзге тарта-тыны да – кеңсе мамандары екені талассыз. Сондықтан сот

жүйесіне, сот жұмысына қатысты қандай да бір пікірдің қалыптасуына кеңсе мамандарының ықпалы зор. Осыған орай, сот қызметкерлерін іріктегенде олардың білімінен бөлек, өзін-өзі ұстай білуі, азаматтармен тілдесу әдебі, сауалдарға жауап беру шеберлігі, сондай-ақ тосын жағдайлардан жол тауып кете алатындай тапқырлығы ерекше бағаланады. Сот мамандарына қарапайымдылық пен шыдамдылық тән. Бұл олардан талап етілетін қасиеттердің бастысы.


Өйткені сотқа адамдар бекерден-бекер келмейді. Олар құқығы тапталып, мәселесі шешілмеген соң сотқа жүгінеді. Сот мәселесін оң шешеді деп сенеді. Мұндай жәдігерді ашу-ланшақ, шыдамсыз, секемшіл болатыны түсінікті. Осындай азаматтармен тікелей жұмыс жүргізетіндіктен сот мамандарына үлкен төзім керек. Көмек күткен азаматтар сот мамандары ең әуелі өз сөзін тыңдағанын, соған орай жол көрсеткенін қалайды. Егер арызданған азаматтарды ден қойып тыңдап, керек кеңесін бере алса, сот мамандарының ұтқаны. Осы жылы қабақ, жанашыр сөздің өзі шарасыз азаматтарға

сенім сыйлайлы, ертеңгі күнге деген үмітін бекітеді. Сауатты сөйлеп, құқықтық тұрғыдан маңызды бағыт-бағдар беру арқылы сот мамандары төрелік алаңында өз саласының білгірлері жұмыс істейді деген оң көзқарас қалыптастыра алады.

Ал мұндай білім мен білікке бір күнде қол жеткізу мүмкін емес. Ол үлкен тәжірибемен, терең ізденіспен келеді. Сондықтан сот мамандары арасында үнемі семинар-тренингтер ұйымдастырылып, азаматтармен дұрыс сөйлесу, сауалдарға жан-жақты жауап беру дағдылары үйретіледі, әдептілік нормаларын сақтау міндеттеледі. Мұның барлығы сот пен қарапайым азаматтар арасындағы сенімді нығайтуға ауадай қажет.

Ильнара МАНИЯПОВА,
Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
жетекші маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕЛДІҢ АТЫН
ЕР ШЫҒАРАР»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан бокс федерациясы да жеңімпаздарға өте қомақты қаражат береді. Олар алтын медаль иегерлеріне 70 мың доллар, күміс медаль иесіне 50 мың және қола медаль үшін 30 мың доллар табыстайды. Бұл қаржылай сыйақылар алдағы уақытта әлем чемпиондары Теміртас Жүсіпов, Сәкен Бибосынов пен күміс медаль иегерлері Махмуд Сабырхан, Серік Теміржановқа, қола медаль алған Абылайхан Жүсіповке табысталады. Жүлдегерлер сондай-ақ, мемлекеттік бюджеттен 15, 7 және 5 мың доллар көлеміндегі төлемдерін де алады. Ел мерейін асқақтатқан спортшыларды ҚР Қорғаныс министрі Мұрат Бектанов құттықтады.

«Сіздерді Сербияның Белград қаласында өткен Әлем чемпионатындағы жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстанның абыройын асқақтатып, Қарулы Күштердің беделін арттыруға үлес қосыңыздар. Әлем чемпионатында әскер спортының атынан үш бірдей медаль алу – жоғары нәтиже. Әлемнің мықтылары сыналған шаршы алаңда ел намысын лайықты қорғадыңыздар, – деді Бектанов. Бокстан әлем чемпионатында өз салмағында алтын алған Теміртас Жүсіпов пен кіші сержант Сәкен Бибосынов әскер құрамында болса, орталық спорт клубының мерзімді әскери қызметтегі қатардағы жауынгер Махмұд Сабырхан күміс медаль иегері. «Әлемдік бәсекеде Туымыз көкте желбіреп, Әнұранымыз шырқалды. Сіздерді жеңіспен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, ел игілігі жолында талай белестерді бағындыра берулеріңізді тілеймін!», – деген Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Мұрат Бектановтың құттықтау хабарламасында. Ел мерейі осындай ерлердің арқасында қайта асқақтады. Бабы мен бағы келіссе, Қазақстан жалауы алдағы байрақты бәсекелерде де желбірейтіні анық.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МӘСЕЛЕ

КОЛЛЕКТОРЛЫҚ
АГЕНТТІКТЕР
ТЕКСЕРІЛУДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заңнамада коллекторлардың комиссиялар мен сыйақыларды алуына тыйым салынғанын еске салған құзырлы органдар «Коллекторлық қызмет туралы» заңның 6-бабының 5-тармағына сәйкес борышкерге қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезеңінде кредитор берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған уақытта сыйақыны, комиссияларды және өзге төлемдерді (қарыз немесе микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты) төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы еместігін айтып отыр.

Ал қаржы ұйымдарының мерзімі өткен борыштарды коллекторлық агенттіктерге беруі кезінде (оларды тегін беру фактілерін қоса алғанда) баға белгілеу мәселесі бойынша тексеру жүргізуге қатысты мынандай мәлімет берілген. Қазіргі кезде банктер мен микроқаржы ұйымдары 313,3 мың шарт бойынша 289,1 млрд теңге сомасына қарыз. Оның ішінде банктерден – 267,4 млрд теңге сомасына 177 мың шарт, микроқаржы ұйымдарынан – 21,7 млрд теңге сомасына 136,3 мың шарт берген.

– Көтеріліп отырған мәселе бойынша («Прокуратура туралы» заңның 7-бабына сәйкес Бас прокуратураның

талабы негізінде) агенттік барлық қарыздардың 75% үлесі тиесілі ірі 25 коллекторлық агенттікті жоспардан тыс тексеруге бастамашылық жасады. Тексерулер аяқталған кезде оның нәтижелері туралы қосымша хабарланатын болады. Бас прокуратура осы сауалды назарға ала отырып, заңдылықты нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту бойынша одан әрі бірлескен жұмысқа дайын екенін білдіреді, – деген жауапқа депутаттардың пікірін білмек болып Мәжілістегі ҚХА уәкілі Сауытбек Әбдірахмановқа телефон шалып едік, қазір уақытым жоқ деді. Қашан хабарласуға болатынынмызды сұраған едік не мәселе екенін сұрамастан енді хабарласудың керегі жоқ деп қысқа қайырды. Ал Мәжілістегі ҚХА-ның келесі бір уәкілі Владимир Тохтасунов мырза телефон тұтқасын көтермеген соң, әлеуметтік желідегі мессенджеріне жазба қалдырдық. Егер депутаттар Бас прокуратура мен Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағаларының жауабына қанағаттанып, мәселені осымен жылы жауып қойса оған да таңғалмаймыз. Ендігі үміт тексеріс қорытындысы мен соған сай қабылданатын құзырлы органдардың шешімінде қалып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Апат айтып келмейді. Қарағанды облысы Абай қала-Асындағы шахтада метан газы жарылып, салдарынан алты адам көз жұмды. Бейбіт күнде алты отбасы бас иесінен айырылды. Бұған қоса, екі азамат ауыр халде ауруханаға жеткізілген. Қаза тапқан кеншілердің жақындарына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл айту жеделхатын жолдады.

АБАЙДАҒЫ АПАТ

Төтенше жағдай орын алған кезде шахтада 64 адам жұмыс істеп жатқан. Әбүйір болғанда 56 адам қауіпсіз жерге шығып үлгерген. Төтенше жағдай министрлігінің мәліметінше апатқа метанның таралуы түрткі болған. Мұндай жағдай Қарағандыдағы шахталарда бірінші рет орын алып отырған жоқ. Бұған дейін де «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына қарасты 8 кен

орнында бірнеше рет оқыс оқиға болып, талай боздақ қыршын кеткен еді. Сол кезде де кеншілер шахтадағы жұмыстың әлі күнге ескі әдіспен жүргізілетінін айтып, басшылардың озық технология жетістіктерін қолдануға, жаңа құралдар сатып алуға құлықсыз екенін алға тартқаны есімізде. Кешегі алты адамның өлімі кеншілер талабының әлі күнге аяқасты болып келе жатқанының нақты дәлелі.

МІНБЕР

КӘСІПКЕРЛЕР ЭЛЕКТРОНДЫ
ЕСЕП БЕРУГЕ ҚАРСЫ

Өткен Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымында талқыланып жатыр.



Ондағы жаңалықтың бірі – кәсіпкерлер 2023 жылғы қаңтар айынан бастап есепті электронды беруге міндетті болып, олай болмаған жағдайда шара қолданылатындығы жайлы норма. Заң жобасын жұмыс тобында қарау барысында депутаттар елдің ғаламтормен қамтамасыз етілу деңгейінің талапқа сай емес екендігін айтып, есепті қағаз және электронды түрде беру жөнінде ұсыныс енгізіпті. Жиында халық қалаулылары аталмыш заң жобасын қорғаған Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиевтің осы мәселеге қатысты ұстанымын сұраған болатын. Министр депутаттар пікірінің орындылығын, сондықтан есепті екі үлгіде өткізудің заңмен негізделуіне қарсы еместігін айтты. Жиында осыған орай құзырлы орын өкілдеріне Палата спикері Нұрлан Нығматулиннен біраз сын естуге тура келді. Ұлттық экономика министрлігінің де, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының да өкілдері орындары айтқан бағына мардымды уәж таппай әбден састы. Олардың «Ғаламтормен қамтамасыз ету 2023 жылға дейін толық аяқталады деп ойладық, оның 2025 жылы бітетінін білмедік» деуі шынында да ақылға сыйымсыз жауап. Нұрлан Зайроллаұлы айтқандай, бұл заңнаманы дайындауда мәселенің толыққанды зерттелмейтінін, атүстіліктің басым екендігінің, құзырлы орындар араларында өзара байланыстың, үйлесімді жұмыстың, мүдделіліктің жоқтығының айқын көрінісі болатын. Өкінішке орай заң жобасының олқылығы мұнымен шектелмейді екен.

Жалпы, баяндамашының айтуынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде бизнеске жүктемені түбегейлі төмендету, онтайлы және тиімді реттегіш жүйені қалыптастыру көзделіпті. Нақтырақ айтқанда кәсіпкерлік субъектілері үшін негізсіз реттеушілік талаптарды енгізуге жол бермеуге, мемлекеттік реттеудің жүйелілігі мен дәйектілігіне, бұрын қабылданған шешімдердің сабақтастығына, сондай-ақ, мемлекеттің кәсіпкерлік

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек қала, аудан әкімдеріне өндіріс ошақтарындағы еңбек қауіпсіздігіне қатысты талаптарды жіті тексеруді тапсырды. «Бұл тексеруге мейлінше жауапты қарау керек. Адам тағдыры сыналатын іске жүрдім-бардым қарауға болмайды» деді әкім.

Ал, Төтенше жағдай министрі Юрий Ильин қара жамылған отбасылар қолдаусыз қалмайтынына сендіріп отыр. Еңбек келісімшартына сәйкес, қаза болғандардың отбасына 10 жылдық жалақы төленетінін айтқан министр «Жеке еңбек келісімшарттары аясында несиелерді жабу, қаза болғандардың студент балаларының оқу ақысын төлеу мәселесі қаралады. Компания баспанаға мұқтаж жандардың мәселесін шешуі де мүмкін» екенін жеткізді.

Көмек берген, көңіл бөлген дұрыс. Бірақ, біздегі бетбұрыс, біздегі игіліктің бәрі адам өлімінен кейін жасалатыны өкінішті.

А.САТЫБАЛДЫ

субъектілеріне деген сенімін арттыруға жол ашылды. Мысалы «Бір талапты қосса, екі талапты алып тастау» қағидатын енгізу қолданыстағылардың екеуінің орнына бір реттеушілік талапты енгізуді көздейді. Осылайша мемлекет жаңа талапты енгізген кезде құқықтық реттеудің сол саласында қолданылатын екі талап жойылады. Бұл қағидат кәсіпкерлік субъектілері үшін артық реттеу мен әкімшілік шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Алайда, жиында арнайы сөз алған Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашев мырза мұнымен келіспеді. Азат Тұрдыбекұлының айтуынша, аталмыш заң жобасы шенеуніктердің өздері қажет деп тапқан мәселелерді ғана шешуге арналған. Онда пандемия мен карантиндік шектеулер сабағы ескерілмеген деуге болады. Соның бірден-бір айғағы бұл құжатта пайда болған барлық заңдарға қайшы «мониторингтік топ». Бұл институттың әрекеті Кәсіпкерлік кодексі мен бизнесті реттеудің базалық қағидаттарына сай келмейді. Екі жыл бойы орта бизнес құзыреттері бірде-бір заңда айқындалмаған тексеру органдарының құқықтық қысымында болды. Осыған орай «Ақ жол» фракциясы мемлекеттік органдардың жұмысын реттеп, кәсіпкерлерге өздерінің заңдық құқын қорғауға мүмкіндік беретін «Карантиндік шаралар туралы» заң жасауды ұсынған еді. Өйткені, әлемде пандемия мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Көрші Ресейде күніне 40 мың адам вирус жұқтырып, 1000 адам қайтыс болуда. Қытай мегаполистерін локдаунға жауып жатыр. Сондықтан карантиндік шектеулер өзектілігін жоймайды. Жағдай қиындаса, олар қайтадан енгізілуі мүмкін. Алайда, бұл бастама үкімет тарапынан қолдау таппады. Екіншіден, бизнеске зардап келтірген шенеуніктердің дербес жауапкершілігі айқындалуы тиіс. Өйткені, қазір кәсіпкер мұндай жағдайды дәлелдесе де келтірілген шығын кәсіпкердің өз салығымен құрылған бюджет есебінен өндіріледі. Үшіншіден, пандемия уақытында жұмысы шектелген бизнес құрылымдарына салық және бухгалтерлік жұмысы бойынша серпінді жобаларды енгізуге тыйым салыну керек. Өкінішке орай, бізде пандемия уақытында осындай эксперименттер жасалып, бұл бизнес құрылымдары үшін қиындық тудырып, оның соңы олардың «Ақ шар» деп аталатын наразылық акциясын жасауына алып келді. Бұл жығылған үстіне жұдырық болу. Кез келген жаңалық бизнес қалыпта жағдайда жұмыс істеп тұрған уақытта жүзеге асуы керек. Төртіншіден, пандемия тудырған дағдарыс кәсіпкерлердің төлем қабілетін қалпына келтіру мәселесін ушықтырып жіберді. Мыңдаған кәсіпкер мен азаматтың несие карталарын төлейтін жағдайы жоқ. Мұның сыртында ақылға сыймайтын пайыздық өсімдер салдарынан банк алдындағы қарыз да өсіп бара жатыр. Банк олардың кепіл мүліктерін алып, төмендетілген бағамен сатуға. Оның айырмашылығын тағы да сол борышкерге жүктейді. Осыларды айтқан Азат Тұрдыбекұлы тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сотталғандарға жасалып жатқан рақымшылықты қарапайым адамдар, кәсіпкерлерге жасау қажеттігін, олардың да осындай ізгілікті қолдауға мұқтаж екендігін мәлімдеді. Төктерін айтқанда аталмыш заң жобасын екінші оқылымда қарау барысында ескерілетін мәселе көп.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

НАРАЗЫ БОРЫШКЕРЛЕР ҚАТАРЫ НЕГЕ АЗАЙМАЙ ТҰР?

Қанат ЖҰМАБАЙ, Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы өкілдігінің уәкілі:

– Ең бастысы қандай жағдай болсын сот пен заңның алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық қағиданы ұмытпау керек. Ол барлық адамға қатысты. Борышкер болсын, талапкер болсын, жауапкер болсын, қылмыскер болсын және тағы басқа. Себебі, оның құқықтық мәртебесі бар. Оны құқығынан айыруға ешкімнің қақысы жоқ. Ал коллекторлар алдында отырған адамға борышкер ретінде, кінәлі адам ретінде құқықтық нигилизммен, құқықтық немісқайшылықпен қарайды.

Бізге сот актілерін орындайтын сот орындаушыларының жеке палатасы бар. Менің ойымша, басымдықты соларға беру керек. Себебі, олар белгілі бір құқықтық актілер қабылдау арқылы жұмыс жасайды.

Борышкерлермен жұмыс істегенде істі соттың заңды шешімін орындайтын уәкілетті адамдарға беру керек. Жұртшылық арасында коллекторлардың жұмысына сынның көп айтылуы орынды. Халық олардың бірінші дөрекілігіне, екінші құқықтық сауатының төмендігіне байланысты заңбұзушылық әрекеттеріне шағымданады. Сондықтан коллекторлар туралы заңды қайта қарау керек.

Құнанбай МҰСАЕВ, Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:

– Сондай-ақ, коллекторлық агенттік қызметкерлерінің адамдармен дұрыс мәміле жасай алмайтын кездері жиі кездеседі. Олар қарыздың қайдан жинақталғанын түсіндіріп бере алмайды. Сондықтан тек «төле» дей берген соң түсінбеушілік туындауда. Бұл дау кейде күрделеніп, оның аяғы қайта сотқа дейін жетуде. Бұл заңның ғана емес, оны қабылдайтын және оның орындалуын қадағалайтын, жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың атына сын келтіруде. Сондықтан, қолданыстағы заңнамаға әр жолы жаңа өзгерістер мен түзетулер енгізер кезде оны жан-жақты қарастырып, талқылап, мамандар сараптамасынан өткізген жөн шығар. Әйтпесе, әрбір жағдайда оны жасап-жасқай беретін болсақ, одан ешкім ұтпайды.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ
ТӨНТІ ЕТТІ

Қазан айының 25-28 аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің елуден астам оқытушылары мен қызметкерлері Түркияның Анталья қаласындағы Анталья білім университетінде өткен «Түркияның жоғары білім беру жүйесі және оның тәжірибесі» тақырыбындағы семинарға қатысып қайтты. Семинарды ашып, жүргізіп отырған университет ректоры İsmail Yükek пен проректор Hamza Kandur Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени-ғылыми байланыстар жөнінде айта келе, болашақта білім ошақтарының ынтымақтастығын арттыра беру – уақыт талабы екенін баса айтты. Әсіресе, бакалавриат, магистратура салалары бойынша академиялық ұтқырлықты шыңдау ісінде атқарылар жұмыстарды да атап өтті.



Кейінгі жылдары Түркияның білім жүйесі біршама өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Мұнда батыс стандарттарына бағытталған ғылыми жүйе әлем жұртшылығының назарын аударуда. Солардың бірі осы Анталья білім университеті болып табылады. Бұл жекеменшік жоғары оқу орны 2010 жылы ашылған. Соған қарамастан қазіргі кезде көп елдерден студенттер келіп білім алады. Ал оқытушы-профессорлар құрамы әлемдегі озық елдерден шақырылады. Оқу үдерісі негізінен ағылшын, түрік тілдерінде жүреді. Түлектер оқу орнын бітірерде екі мамандық алып шығады. Кітапхана қоры әр факультет үшін арнайы жасақталған. Ғылыммен шұғылданам дегендер үшін барлық жағдайлар жасақталғанына куә болдық. Әлемдік аудиторияға шығу үшін «Скопус» журналдарына мақала жариялау талап етіледі. Ғылым мен өндірістің тікелей байланысы ретінде аграрлық сала бойынша мамандар даярланатын жұмыс орындары қонақтар назарына ұсынылды. Неше түрлі жеміс-жидек пен көкөністері жайқалып тұрған бау-бақшаның орны тіпті бөлек. Медицина мен авиация мамандарын даярлау ісінде жұмыс беруші мекемелермен байланыстары ғылыми тұрғыда жасақталғанына да көзіміз жетті.

Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, Анталья білім университетінің оқытушы-пофессорлар құрамымен жеке-жеке пікір алмасты. Студенттердің тұрмыс-тіршілігімен танысып, жатақханаларын көрдік.

Болашақта Қазақ ұлттық университеті мен Анталья білім университеттері бірнеше келісімшарттарға отырып, ынтымақтастықты нығайту бағытында бірнеше бағдарламаларды бірлесе өмірге әкелуге бағытталған келісімдерге қол жеткізетініне сенімдеміз.

Заманауи заңдарды жетік меңгеру жолында Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті мен Анталья білім университеті заң факультеттерінің оқытушылары бірлесе биіктерді бағындыруға уәделесті.

Джанату АЛКЕБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы

БІТІМ

«КЕЛІСІМ БАР ЖЕРДЕ —
ЖЕҢІС БАР»

Бүгінгі күнде медиацияның артықшылықтары көп, бұл туралы көрнекті мемлекет қайраткерлері, адвокаттар мен жангерлер айтып жүр. Медиация рәсімі арқылы тараптардың іс жүзінде материалдық та, заңнамалық та шектеулері болмайды, екі тарап саналы түрде өзара тиімді шешімге келе алады, бұл басқалармен қатар сіздің қымбат уақытыңыз бен қаржыңызды үнемдеуге көмектеседі.

Алайда, медиацияның барлық артықшылықтарына қарамастан, кей кездері тараптардың бірі даудағы әділетсіздікті түсініп, принципті позициясын жалғастырып, тіпті келіссөз үстеліне отыруға тырысқысы келмейтін жағдайлар кездеседі. Бұл ұстанымның бағасы – дауласушы тараптардың бірін қанағаттандырмайтын сот актісі. Мәселен, Федоров аудандық сотына азамат А. төленбеген сақтандыру төлемін сақтандыру ұйымы В-дан өндіріп алу туралы талап арызбен жүгінді.

Сот шешімі бойынша, 2021 жылдың 30 қаңтарында Федоров ауылында А және Е. деген азаматтардың қатысуымен жол-көлік оқиғасы орын алған. Сот қаулысымен азамат Е. кінәлі деп танылды, оның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру ұйымында сақтандырылған.

Азамат А-ға сақтандыру төлемі жасалған, алайда соңғысы сақтандыру төлемінің сомасымен келіспеді және тәуелсіз компанияның есебін қоса бере отырып, сотқа талап арызбен қайта жүгінді. В. сақтандыру ұйымының ұсынған есебі бойынша автокөлікті жөндеуге кететін шығын 275 мың теңгені құраса, азамат А-ның берген есебіне сәйкес жөндеу құны 586 мың теңге.

Ауыстыруды немесе жөндеуді қажет ететін көлік құралдарының барлық бөлшектері сақтандыру ұйымының ұсынған жөндеу құны туралы есепте қамтылмағаны сотта анықталды, сонымен қатар қосалқы бөлшектерге баға ұсыныстарында келіспеушіліктер бар, бұл жөндеу құнын анықтаудағы елеулі айырмашылықты көрсетті.

Азаматтық істі қарау нәтижесінде А-ның талап арызы толық көлемде қанағаттандырылып, сақтандыру ұйымынан 311 мың теңге өндірілді және де азамат А-ның сотқа жүгіну барысында кеткен шығындары, дәлірек айтқанда қорғаушының қызметі, есеп дайындау және мемлекеттік баж шығындары өндірілді.

Шешіммен келіспеген сақтандыру ұйымы апелляциялық шағым түсіріп, ол қанағаттандырылудан бас тартылды. Сот шешімі заңды күшіне енді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

ФОРУМ

ҚАЗАҚ ИНТЕРНЕТІНІҢ
БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Нұр-Сұлтан қаласында қазақтілінде онлайн-контент жасаушылардың V форумы өтті.

Онда «Қазақ интернеті: бүгіні мен болашағы» тақырыбы аясында қазақтілді медианы дамытудың жаңа трендтері талқыланды. АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігінің қолдауымен жыл сайын ұйымдастырылатын қазақ тілін дамытудағы ең ауқымды бұл іс-шара биыл бесінші рет өткізіліп отыр.

Қазақ тілді онлайн медианы дамытуға, контенттің сапасын арттыруға және ғаламтор желісінің қазақ тілді сегментіндегі өзекті мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге бағытталған жиынның маңызы зор. Қазнет тарихын таныстыратын бейнероликтен басталған жиын қатысушыларын ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева құттықтап, сәттілік тіледі. «Qazforum – қазіргі таңда қазақ тіліндегі контент жасаушылардың өзекті мәселелерін көтеретін бірден-бір платформа болып отыр» – деді министр.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, соңғы жылдары қазақша контентке сұраныс артқан. Студенттердің 63%-ы қазақ тілінде оқиды, БАҚ-тағы контенттің 72%-ы қазақ тілінде беріледі. Халықтың 22% үш тілде сөйлейді. Құжат айналымының 92%-ы қазақ тілінде жүргізіледі. Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстары халқының 90%-дан астамын қазақтар құрайды. Демек қазақ тілді ортаның өсуімен бірге қазақ контентіне де сұраныс артапак. Дер кезінде сол сұраныстың орнын толтыру қазақ контентін жасаушыларға үлкен міндет болып отыр.

Сондықтан форум спикерлері Қазақстандағы БАҚ-тың дамуын мақсатты аудиториямен жұмыс істеу және деректерді талдау, қазіргі медиадағы тенденция, әлеуметтік желідегі контент мазмұнын дамыту және жарнамалау, қазақша онлайн кон-



тентті жасаушының кейстері және табысы, ақпарат көздері мен big data-мен жұмыс істеу, монетизация және креативті экономика жайын ортаға салды. «Тәуелсіздік кезеңіндегі медиа-толқын: қазақстандық онлайн-контенттің ерекшелігі неде?», «Пандемиядан кейін: қазақ тіліндегі онлайн-контент қалай өзгерді?», «30 жылдан кейін қазақстандық медиа және қоғам».«Пандемиядан кейін: қазақ тіліндегі онлайн-контент қалай өзгерді?» деген тақырыптарға танымал шоумен, сценарист және продюсер Марат Оралғазин, Galamat Media жетекшісі Абай Серғазиев, factcheck.kz қазақ нұсқасының бас редакторы Думан Смаков, Salem Social Media креативті продюсері Бұхар Марат, ZTB Media негізін қалаушы Марғұлан Тұрсыновтар ойларын ортаға салып тәжірибелерімен бөлісті.

ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан Қарин, «Қазақстан «РТРК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Макпал Жұмабай, продюсер Ерболат Беделхан, OZEN лейблінің негізін қалаушы Айзатулла Хусейн, Brave Talents негізін қалаушы Алмас Жали және JKS Entertainment тең құрылтайшысы Асхат Халимовпен бірге қазақстандық және қазақ тіліндегі он-

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ

ҚР Әділет министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдардан, сондай-ақ, нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарға апостиль қояды.

Апостиль – құжатқа қол қойған тұлғаның қолының және оның өкілеттіктерін растайтын, сондай-ақ, осы құжатта бекітілген мөрдің немесе мөртабанның түпнұсқалылығын қағаз



«Е-АПОСТИЛ» ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

түрінде немесе электрондық нысанда куәландыратын арнайы мөртанба.

Бүгінде «Е-Апостиль» сервисітік бағдарламасы Гаага конвенциясына қатысушы елдер – Андорра, Аргентина, Армения, Австралия, Австрия, Әзірбайжан, Бахрейн, Бельгия, Боливия, Бразилия, Болгария, Чили, Қытай (Гонконг), Колумбия, Коста-Рика, Доминикан, Эстония, Грузия, Гватемала, Ирландия, Корея, Косово, Латвия, Мексика, Молдова, Марокко, Жаңа Зеландия, Никарагуа, Парагвай, Перу, Филиппин, Румыния, Ресей, Словения, Испания, Тәжікстан, Украина, Ұлыбритания, АҚШ, Уругвай, Венесуэла елдерінде іске асырылуда.

«Е-Апостиль» ақпараттық жүйесі – электрондық түрде құжаттарды тіркеуге және апостиль «мөртаңбасын» беруге арналған, апостиль қойылған құжаттардың орталықтандырылған есебі мен бірыңғай мұрағаттың қамтамсыз ететін ақпараттық жүйе.

Бұл ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда қызмет алу үшін тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, портал арқылы өтініш береді.

Апостиль қою үшін ұсынылған құжат сканерленген құжаттың түпнұсқасын сканерлеу арқылы жүзеге асырылады (ксерокөшірмелерден сканерлеуге жол берілмейді).

Электрондық апостиль қою үшін ұсынылатын сканерленген құжат түпнұсқаға дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс, түзетулерге немесе мәтінді шимайлауға жол берілмейді.

Қызметті беруші ресми құжаттағы лауазымды адамның қойған қолы мен мемлекеттік органның мөр бедерінің қолда бар үлгілерге сәйкестігін, сондай-ақ ресми құжатқа қол қойған тұлғаның адамның ресми құжатқа қол қоюға өкілеттіктерінің болуын тексереді.

Одан әрі ұсынылған құжаттарға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтінішті және қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде оның «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Қызметті алушының өтініші мен ұсынылған құжаттары талаптарға сәйкес келген жағдайда, қызметті беруші апостильдеуге жататын электрондық құжатта Е-Апостиль ақпараттық жүйесі арқылы электрондық апостиль қалыптастырады және уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЭҰІШ арқылы қыз-

лайн-контентті кім жасап жатқанын, қазақтілді медиа-тауардың экспорттық әлеуеті қандай екенін, қазіргі заманғы контентті қалай монетизациялауға болатынын талқылады.

Форумның екінші бөлімінде «30 жылдан кейін қазақстандық медиа және қоғам» панелдік пікірсайыс барысында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, PR-маман Әлішер Елікбаев, ҚазҰУ журналистика факультеті деканының орынбасары Қарлыға Мысаева, «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы алдағы 30 жылда медиа мен қоғамда қандай өзгерістер болатынын, өзгеріс кезінде медианың атқаратын рөлі және сол өзгерістер үшін бүгіннен бастап не істеу қажет деген сұрақтар төңірегінде ойларымен бөлісті. Сессиядан кейін форум қатысушылары қазақстандық және шетелдік мамандардың шеберлік сабақтарына қатысты. Сондай-ақ, форум шеңберінде алғаш рет Qaz Startup Battle өтіп, қазақ тілін дамыту мен қазақ тіліндегі контент құруға бағытталған стартаптар арасында байқау өткізілді.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

Ж.ОРЫНБАЕВА,
Түркістан облысы Әділет департаментінің тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марқұм Нури Муфтах деген мықты журналист болды. Сол сияқты өз әріптестеріңіз Елеусіз Мұрат, Агия Беркимбаева да сот процестерін объективті түрде жақсы жазады. Сондықтан кәсіби журналистердің процеске қатысуы үшін сотқа қатысушылардың пікірін ескере отырып, судья процессуалдық заңнамада қарастырылғандай нақты шешім шығара алады. Өкінішке қарай, журналистердің ішінде, жеке адамның не заңды тұлғалардың ғана пікірі бойынша біржақты ақпарат таратып, соттың шешімі мен үкімінің тонын кері айналдырып басқалай ракурста беруі жиі кездеседі. Бұл әлбетте, оқырманды адастырады, қоғамда сот туралы теріс пікір қалыптастырады. Негізі, қазіргі кезде, сот процесі бастан аяқ дыбыс-бейнежазбаға жазылатындықтан, сотқа қатысушы тараптардың оны дискіге жаздырып алуға толық мүмкіндіктері бар.

Сот істерін майын тамызып отырып қарапайым тілмен көпшілікке түсінікті етіп жазу екінің бірінің қолынан келетін оңай шаруа емес. Онда өзге тұрмақ, заң қызметкерінің өзі қателесіп жатады. Тіпті, 5 жыл оқып, талай жыл заң саласында жұмыс істеп жүрген біз де кейде қателесеміз. Өйткені, бәріміз де пендеміз. Егер журналист те кәсіби маман ретінде тараптардың бәріне теңдей қарап, ешкімнің сойылын соқпай өзінің бейтараптығын сақтайтын болса сот



Советхан СӘКЕНОВ, Алматы қалалық сотының судьясы:

«ЗАН ӘДІЛДІКТІҢ ДАРА ӨЛШЕМІ БОЛА АЛМАЙДЫ»

жұмысынан нақты мәлімет тарайтын еді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп бекер айтылмаған. Бізде мәселенің бәрі осында боп тұр. Интернет сайттарда болсын, әлеуметтік желілерде болсын оқырманды елең еткізетін тақырыптар қоюға, көпшіліктің қызығушылығын оятуға мән беріледі. Онда ешкім сөзге, мазмұнға тереңдеп жатпайды. Қарапайым халық оған ешқандай талдау жасамай, ой елегінен өткізбей журналист таратқан ақпаратқа сене береді. Ал қалыптасқан, санаға сіңген сенімді өзгертіп көр.

Жалпы, ашықтық қоғамның барлық саласына керек-ақ. Сол себепті, әділ, шындықты жазса, сот ісіне де БАҚ өкілдерінің кіргені, көргені дұрыс, бірақ іс аяқталып, сот нақты шешім шығарған соң ғана мақаласын жарияласа құба-құп. Біздің істеп жатқан қызметімізді жазатын да, көрсететін де солар. Сот ісінің әкімшілік, қылмыстық деп бөлінетіні секілді, төрелік алаңындағы тартысты да құқықтық салаға маманданған кәсіби журналистер жазса оның пайдасы болмаса, зияны жоқ.

– **Өз тәжірибеңізде сөзіңізді бұрмалаған журналистер болды ма?**

– Жала жапты демейін, сөзімді бұрмалағандар болды. Оларға бірден телефон соғып, мынауың дұрыс, не бұрыс деп ашық айтамын. Сіздің сұрағыңызға қарай қазір есіме түсіп отыр, 1990 жылдары Талдықорған өңірінде тергеуші болып жүргенде жүргізген бір ісімді облыстық газеттен келген бір журналист бұрмалап жазды. Оны бүкіл жұрт оқыды. Тіпті, өзімнің ауылдағы ағам да «Ет сасыса түз себеді, ал түз сасыса не себеді?», мынауың не, бауырым?» деп ренішін айтты. Содан облыстық газеттің редакторына бардым. Аманда-сып, мен сіздердің пәленше деген оқырманыңызбын. Алайда журналисіңіз өтірік жазды, сенбесеніз жазу осында шақырып өзіңіз сұрап көріңіз дедім. Журналисті мен де танитынмын, жақсы материалдар жазып жүрген үлкен кісі еді. Есіктен кірген кезде мені көре салып ұятты ісін біліп қып-қызыл боп кетті. «Аға, мынауыңыз не, ең болмаса прокурор не соттан сұрамайсыз ба?» деп едім, сотқа бара алмай қалып сырттай жаза салып едім деп айыбын мойындап, газеттің келесі санына түзету берді. Судьялық қызметте жүргенде де кейбір журналистердің мәселені заң тұрғысынан дұрыс түсінбей, өз ойымен жобалап, айтқан сөзімді өзгертіп жазған сәттері болды. Хабарласқан кездерімде өз қателерін мойындаған соң, бәріне кешіріммен қараймын.

– **Кезінде үкімет қолданыстағы**

заңнама енгізілетін өзгерістер мен түзетулердің жособасын әзірлеген кезде «жала жабу туралы» бапты Қылмыстық кодекстен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырып, ол Парламентке мақұлданып, бекітіліп кеткен еді. Енді оны қайта Қылмыстық кодекске қайтарайық деп жүргендер аз емес. Бұл туралы не дейсіз?

– Бұл бапты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қалдырған дұрыс деп ойлаймын. Дәлелденіп жатса, жаяппұл төлеу де оңай емес. Әдейі жасады ма, байқамай жасады ма бәрібір адамның бұл қылмысы дәлелденетін болса жауапкершіліктен ешкім құтыла алмайды. Онсыз да теріс қылық жасағандар қылмыстылар қатарын көбейтіп жатыр қазір.

– **Қандай реформа жасалса да қарапайым халықтың сотқа деген күмәні әлі сейілмей тұрғаны неліктен?**

– Біріншіден, журналистер мен блогерлердің халыққа ақпаратты дұрыс жеткізбеуінен деп ойлаймын. Бұл әдейі ме, әлде білімсіздіктен бұрмалана ма, ол жағын біржақты кесіп айта алмаймын.

Екіншіден, судьялар да адам. Олар да қателеседі. Қасақана қателесе, әлбетте қылмыстық жауапкершілік бар. Егер судья әділетсіз шешім шығаратын болса, әрине, халық сенбейді. 40 жылдай заң саласында жүрсек те өзімізге де қылмыстың бір бабы бойынша айыпталушыға бір жерде көп, ал екіншіге дәл осы жағдайда одан аз жаза береді деп кінә тағатындар бар. Егер дауласқан адамдардың ісіне билік айту, төрелік жасау ісінен хабары болса, ешкім бұлай айтпас еді. Өйткені, әрбір сот ісі бір-біріне ұқсамайды. Екі адам бірдей қылмыс жасауы мүмкін. Бірақ біреуі өз қылмысын мойындап, жасаған әрекетіне қатты қынжылып, өкініш білдірсе, екіншісі тарапқа келтірген материалдық шығынды өтесе, артында бала-шағасы болса және бұрын сотталмаса, жәбірленуші кешірсе, онда оның жазасы жеңілдейді. Ал екіншісі жасаған қылмысы дәлелденіп тұрса да мойындамаса, өз ісіне еш өкініш білдірмесе және бұрын сотты болса, әрине жазасы ауырлайды. Өкінішке қарай осындай жағдайларды ескермей, қылмыстың қалай, қандай жағдайда жасалғанын жан-жақты талдамай кейбір журналистер мен блогерлер оны 5 жылға, мынаны 10 жылға соттады деп мақала жариялап жататыны бар. Содан кейін, әрине, қарапайым халық арасында соттар туралы теріс пікір қалыптасуы әбден мүмкін.

Үшіншіден, заңға өзгерістер мен толықтырулар жиі енгізіледі. Судьяның

басы компьютер емес. Содан қателесуге жол береді. Кеңес дәуірінде заң тұрақты болатын. Бір жаттап алсаң болды. Барлық мамандықтың өз қиындығы бар. Алайда соттың жұмысы ерекше ауыр. Олай дейтінім, адам тағдырына қатысты ең соңғы нүктені қоятын – судья. Сондықтан заң алдында да, ар алдында да, қоғам алдында да жауапкершілігі өте зор.

– **Қазіргі сот пен бұрынғы билерді салыстыруға бола ма?**

– Бұрынғы билер табиғатынан талантты, дарынды, білімді, шешен және әдет-ғұрып заңдарын, жөн-жосықтың бәрін білетін парасатты адамдар болды. Оларды би қылып халық сайлаған. Егер билігі ұнамаса ешкім оның алдына біздің дауымызға төрелік жаса деп бармайтын. Заңнамада «прецедентное право» деген бір термин бар. Қазір ол АҚШ-та, Англияда және басқа шет

зда қалған жақсы қасиеттер бар деп ойлаймын. Қазіргі біздің қолданыстағы заңдар француз, американ, немістердің және басқа елдің озық заңдарынан алынған. Әрине, бұл елдердің заңы өз ұстанымын, менталитетін ескеріп жазғандықтан өз елінде құнды, бағалы. Ал қанша құнды болса да оның басқа елге толық сәйкес келмейтіні түсінікті. Соны кезінде біздің заңшығарушылардың ескере білмегені өкінішті. Заңдар содан ала-құла. Құқықтық құжаттардың жиі өзгеріп жатқаны да сондықтан. Біздің халықтың менталитетіне сәйкес келмейді. Егер заң жобасын дайындайтын, оны қабылдайтын билік органдарына нағыз білімді мамандарды отырғызса, мұндай жағдай болмас еді. Заңның сапасына заң жобасын дайындайтын Үкімет пен оны қабылдайтын Парламент жауап беру керек.

– **Бізде заңдардың Конституцияға сәйкестігін зерттейтін арнайы институттар да бар ғой?**

– Болғанынан не пайда? Заңның бәрі орысша жазылады. Тіпті, оның мемлекеттік тілдегі нұсқасы мен орыс тіліндегі нұсқасында сәйкестік болмай жатқандары да аз емес. Оны бәрі жазып та, айтып та, көрсетіп те жатыр. Өзім де кезінде бұл туралы талай жаздым. Менің ойымша, заң қазақша жазылып, қазақша қабылдану керек. Мұхаммед Қашқари «Тәрбиенің негізі – тіл» деп айтқан екен. Егер іргетасы мықты болмаса, көп қабатты үй құлап қалады емес пе? Сол сияқты мемлекеттік тіл де заңның негізі болуы керек.

Өкінішке қарай елімізде мемлекеттік қызметкерлердің 90-95 пайызы қазақ ұлтынан болса да, алға ілгерілеу жоқтың қасы. Осыған байланысты бір ой айтайын. Бұл мәселені шешудің бір қарапайым формуласы бар. Біріншіден, мұны шешуде биліктің ерік-жігері мен саяси шешімі керек. Екіншіден, Конституцияның 7-бабының екінші тармағын алып тастау керек. Үшіншіден, мемлекеттік тілді үйренуге, сөйлеуге адамдардың, соның ішінде, мемлекеттік қызметшілердің ынта-ықыласы керек. Төртіншіден, мемлекеттік тілді білмейтін ұлты қазақ қызметкерлерді аздап болса да намыстарына тиіп мәжбүрлеп үйрету керек. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды емес пе? Әлемде өз мемлекеттік тілінде сөйлемейтін жалғыз ел екенбіз. Ұят-ақ! Маскара! Сосын ана тілін білмейтін

керек қой. Қазір бізде аудандық сот шешім қабылдайтын болса жоғары тұрған соттар болмашы негіздер бойынша өзгертіп, не болмаса бұзып жібере ме деп қорқып отырады. Мен ойлаймын, судьяның жіберген ұсақ-түйек қателеріне бола оларды жазғыра беруге болмайды. Азғантай бір өзгеріс болса болды, соның бәрін судьяның жеке ісіне әкеп кінәлай береді. Осы дұрыс емес деп ойлаймын. Судьяның бәленбай ісі өзгертіліпті, не бұзылыпты дегенде, оның қандай жағдайда өзгертілгені, не бұзылғаны және қаншалықты өрескел қателік екендігі зерттеліп, нақты себебі айтылмайды. Тек олардың жалпы саны ғана көрсетіледі. Сондықтан сот шешімі түбегейлі өзгермесе, ондағы ұсақ-түйек есепке алынып, көрсетілмеуі тиіс деген пікірдемін.

– **Сіз бір сөзіңізде судьялар секілді журналистер де белгілі бір салаға маманданғаны жөн дедіңіз. Алайда еліміздегі ешбір жоғары оқу орнында олар мамандандырылмайды. Оны қалай шешуге болады?**

– Оқу орындарында негізгі бағыт беріледі деп ойлаймын. Медициналық оқу орындарында маманданады ғой. Бізде заң да көп және олар өте күрделі. Істі аяқтаудың мерзімі белгіленген. АҚШ сотында ол жоқ. Ал бұл істің жан-жақты, мұқият және сапалы қаралып, әділ шешілуіне өз әсерін тигізетіндігі белгілі. Егер іс үсті-үстіне түсіп жатса, судьяның шығарған шешімінің қандай сапасы болады? Журналистер сияқты соттардың жұмысы да шығармашылық жұмыс. Үкімді неше рет жазып, неше рет түзетуге тура келеді. Мен жастарға адам тағдырын шешу оңай емес деймін. Сондықтан шешім қабылдарда тәулік бойы ойлануға тура келеді. Пайғамбардың хадисінде «бір рет әділ билік шығару 69 рет қажылыққа барудан ауыр немесе абзал» деген сөз бар екен. Бұл туралы айтып та, жазып та жүрмін. Терең мағыналы сөз.

– **Судья туралы сөз болған кезде өз ісіне жүрдім-бардым қарайтын кейбір адамдардың кәсіби біліктілігіне күмән туып жатады. Бұл қалай?**

– Кейбір судьялар қарауына алған барлық іске бірдей жауапкершілікпен қарамайды. Білем деп жұмысына салдыр-салақ қарайтын мұндай адамдар кейде өз атына айтылған сынды дұрыс қабылдай алмай жатады. Әділ үкім шығарам дейтін адам шындықты ең алдымен өз бойынан іздеу керек. Әрине оны айту оңай, ал оны өзіңнің жан дүниеннен табу ең қиын нәрсе. Бұрын жиналыстарда сын ашық айтылатын. Қазір ол азайды.

Конституцияға судья болу үшін адам 30 жасқа толу керек деген талап таяу жылдары ғана енгізілген. Жас судьяның білімі болғанымен, өмір тәжірибесі жеткіліксіз болатындығы белгілі жайт. АҚШ-та әлі күнге дейін 70-80 жаста қызмет жасап жүрген судьялар бар. Оларда 40-50-ге толғанда ғана судьялыққа қабылдау талапты жағдай. Соны олар өте дұрыс деп санайды екен. Жақсы мен жаманның паркын білетін, шынға да шыққан, құзға да түскен адамның ақ пен қараны айыруда қателесуі өте сирек.

– **Сот әділдігін орнату үшін бізге не істеу керек?**

– Жана бір сөзімде тәрбие деген едім. Қоғам, сот әділдігін орнату үшін адам өзі өзгеру керек алдымен. Грузияның бұрынғы Президенті Сакашвили, Сингапурдың бұрынғы мемлекет басшысы Ли Куан Ю оған жарқын мысал бола алады. Елді қысқа уақытта адам танымастай қылып өзгерткенін әлі күнге дейін бүкіл әлем жазып жатыр. «Қандай халық – сондай басшы» деген пайғамбарымыз айтқан хадис те бар. Әйгілі әл-Фараби да «қарапайым халықты тәрбиелейтін шенеуніктер» деп жазып кетіпті кезінде өз еңбектерінде. Шенеуніктер халықты өзінің іс-әрекетімен, сөзімен тәрбиелейді. АҚШ-та судьялар «бізге Америка халқы сенеді» дейді. Өз ісін, мамандығын сүйетін адамға одан артық қандай құрмет, қандай қошемет керек?! Мамандық туралы айтқан кезде сосын Қытайдағы «Мен әншімін» деген бағдарламаға қатысып, бүкіл әлемге танылған Димаштың өнердегі жолын мысалға келтіруге болады. Егер сот әділдігін орнатамыз, судья мәртебесін көтеріміз десек судьяға да өзін дәлелдеуге мүмкіндік жасау керек. Өйткені, біз нағыз демократиялық қоғам құрамыз десек заң емес, әділдік бірінші орында тұру керек әрдайым. Заң жеке өзі әділдіктің дара өлшемі бола алмайды.

– **Сұхбатыңызға рақмет. Істеріңіз абыройлы болсын әрдайым.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Заңның бәрі орысша жазылады. Тіпті, оның мемлекеттік тілдегі нұсқасы мен орыс тіліндегі нұсқасында сәйкестік болмай жатқандары да аз емес. Оны бәрі жазып та, айтып та, көрсетіп те жатыр. Өзім де кезінде бұл туралы талай жаздым. Менің ойымша, заң қазақша жазылып, қазақша қабылдану керек. Мұхаммед Қашқари «Тәрбиенің негізі – тіл» деп айтқан екен. Егер іргетасы мықты болмаса, көп қабатты үй құлап қалады емес пе? Сол сияқты мемлекеттік тіл де заңның негізі болуы керек.

қазақты билікке жакындатпау керек. Оны іске асырудың қазір әртүрлі тәсілі, жүйесі бар. Егер бұл негізгі талап сақталса, заң да, басқа да жакын арада түзелер еді.

– **Жалпы, бізде заң дайындау, қабылдау дәстүрі, мәдениеті сақталған ба қазір? Нормативтік қаулымен реттейтін дүниені жыл сайын заңға өзгерістер мен түзету жасау арқылы енгізу қаншалықты дұрыс?**

– Занды дайындау мен қабылдауға тікелей қатысып көрмегендіктен нақты еш нәрсе айта алмаймын. Алайда, заңды қабылдар кезде мүдделі топтар бар екені жасырын емес. Сондықтан әр топ көрпесін өзіне қарай тартуға тырысатыны белгілі. Кезінде Шыңғыс хан «заң көбейген сайын заңсыздық белең алады» деген екен. Заң деген қысқа да нұсқа, нақты болу керек. Ал ол солқылдақ болған соң оны әркім өз мақсатына оп-оңай пайдаланады.

Қылмыстық кодексте мына жағдайда осындай нақты жаза қолданылсын деген баптар бар. Егер бәрі түгел сөйтіп белгіленіп қоятын болса, онда сот не үшін керек? Сотқа мүмкіндік беру

елдерде қолданылады. Бұрынғы билеріміз бұл құқықты оларға дейін қолданып келгені тарихтан белгілі болып отыр. Енді біз үшін бәрі жаңалық сияқты. Өйткені өткенге үңілу аз. Біздің ата-бабаларымыз бұрын заң жағынан өте білімді болған ғой. Қазір ешкім оны мойындағысы келмейді. Сондықтан ана елде анандай, мына елде мынандай екен деп әркімге бір еліктейміз де, қолданыстағы заңнаманы қырық жамау қылып келеміз.

Сізге бір нәрсені айтайын. Прокуратурада қызмет істеп жүрген кезде Ленинград қаласында тергеушілердің біліктілігін жетілдіру институтында оқыдық. Онда Кеңес Одағындағы 15 одақтас республикадан тергеу мамандары келді. Институтта небір мықты ғалымдар, нағыз оқымыстылар сабақ берді. Сол оқу орнының басшысы және кейбір ғалымдар «Қазақстанның заңы, оның Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары басқа одақтас республикалардың заңдарына қарағанда өте сауатты, нақты жазылған дегенде» орымыздан атып тұрып уралағанбыз. Заң жазуда ата-бабамыздан қанымы-

ПІКІР

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша әкімшілік істердің сот өндірісін ауызша және жазбаша тәртібімен жүргізуге мүмкіндік берілген.

Ауызша іс жүргізуде іс сот отырысына тағайындалып қаралса, жазбашада сот отырысы тағайындалмайды, яғни іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады. Көп жағдайда тараптар істі ауызша тәртіпте қарауды қалайды. Алайда, жазбаша іс жүргізудің де тиімділігі өте жоғары. Себебі, бұл тәртіп тараптардың және соттың уақытын үнемдеуге қолайлы.

Әкімшілік істер бойынша жазбаша іс жүргізудің Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген оңайлатылған іс жүргізуден айырмашылығы:

1) Шешімді қабылдаған сот ол шешімнің күшін өзі жоюға құқығы жоқ.

2) Жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін іс жүргізу барысында ауызша сот отырысын тағайындауға болады. Мысалы, куәлерді тыңдауға, тағы да басқа әрекеттерді жасауға. Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүргізе береді.

3) Жазбаша іс жүргізу тек тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

4) Кез келген санаттағы әкімшілік істің, егер ол дауды осы тәртіппен шешуге мүмкіндік болса, жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарауға болады.

Іс бойынша алдын ала тыңдауда сот тараптарға әкімшілік істі жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау мүмкіндігі туралы түсіндіреді. Яғни, істі жазбаша тәртіпте қарау мәселесі сот отырысы тағайындалмай тұрып шешіледі.

Бұл тәртіп бойынша тараптар барлық дәлелдемелерін, өтініштерін сотқа ұсынады. Тараптардың сотқа ұсынған барлық дәлелдемелері, карсылықтар, өтінішхаттары міндетті түрде басқа тараптарға жолданады.

Яғни, сот өз шешімін қандай дәлелдемелерге негіздейтінінен тараптар хабардар болып отырады.

Әкімшілік процестің тараптары дәлелдеменің қатыстылығына, жарамдылығына және анықтығына дау айтуға құқылы.

Сот өз шешімін тараптардың ұсынған және өз бастамасымен жинаған дәлелдемелерге баға беріп, зерттеп шығарады.

Бұл тәртіппен іс қарау мерзімі жал-

пы әкімшілік іс қарау мерзімінен айырмашылығы жоқ.

– Сот істі ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарайды.

– Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Егер істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Ол үшін тараптардың барлығының өтінішінің болуы міндетті емес.

Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.

Жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешімге апелляциялық және кассациялық тәртіптермен шағым жасалуы мүмкін.

Соттың шешімінде көрсетілген күн – шешімді шығару күні болып есептеледі.

Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облыстық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

КИЕ



ДОСТЫҚТЫҢ
АЛТЫН КӨПІРІ

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді дамыту жолдарын көрсетеді. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту ел саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90-жылдарға қарағанда әлдеқайда қазақша сайрап тұр. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге, әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-баамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлы. Ана тілімізді құрметтейік.

А.ИСАКОВА,
Ақмола облыстық қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
бас маман – сот отырысының хатшысы

ТІЛ – АСЫЛ МҰРА

Мемлекеттік тілді білу, оны жетік меңгеру – уақыт талабы. Қазақ тілі барлық мемлекеттік органдардың іс жүргізу саласындағы негізгі тіліне айналды. «Тіл туралы» заң талаптарына сәйкес осы міндеттерді жүзеге асыру барысында көптеген шаралар қолданып, жүзеге асырылуда. Тіл өте нәзік мәселе. Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінің астарында тіл мәселесіне абайлап қарап, ең алдымен өзіміз туған тілімізді қадірлеп, өзгелерге жолбасшылық жасауымыз қажет екендігі ойдың жатқанын әрбір азамат түсінуі шарт.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та, таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл – тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі.

Мемлекеттік тілді дамытудың бірден-бір жолы – іс қағаздары мен іскерлік байланыс құжаттарын мемлекеттік тілге көшіру. Мемлекеттік тіл – Мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Сот саласында мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Кеңсе құжаттары мен қатынас қағаздары, нұсқау, өкім сияқты құжаттар мемлекеттік тілде атқарылады. Айта кететін мәселе, сотқа талап-арыз қай тілде түссе немесе алдын ала тергеу барысында қай тілде жүргізілсе, сот ісі сол тілде жүргізіледі.

Туған тілімізді білу, оны ұрпақ санасына сіңіру, дамыту, мемлекеттік деңгейде толыққанды қолдануын қамтамасыз ету әрбір азаматтың қасиетті парызы. Ал біз әрбір Қазақстан елінің азаматы мемлекеттік тілдің дамуына барынша ат салысуға міндеттіміз.

Диана КАБДУАЛИЕВА,
Ақмола облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің
бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫ

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ МҮДДЕСІ
БӘРІНЕН БИІК

Мемлекеттік қызметкерлер де әкімшілік құқықтың субъектілері болып табылады. Осы ретте соңғы кездері мемлекеттік қызметшінің этикасы мен имиджіне үлкен мән берілуде. Мемлекеттік билікке қатысатын тұлғалардың мінез-құлық нормалары мен принциптерін негіздеудің де мән-маңызы зор. Мемлекеттік қызмет мемлекет пен қоғам тарапынан білдірілген зор сенім және мемлекеттік қызметшінің моральдық бейнесі мен имиджіне жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметші этикасы – маманданған ерекше топтың іс-әрекетінің нақты нормалары мен мінез-құлық стандарттарының белгіленген жүйесі. Бұл топтың негізгі міндеті – мемлекеттік қызметті іске асыруды қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметші қызметінің негізін қалайтын принцип, негізгі міндеті – қоғам мен мемлекет мүддесі. Еңбек шеңберіндегі адамдар қарым-қатынасы әр түрлі нормативтік кодекстермен реттеледі. Өзін-өзі ұстаудың сыртқы түрлерін реттейтін, мінез-құлықтың қалыптасқан ережелері мен тәртіптер жиынтығы этикет деп аталады. Этикет – француз сөзі, қоғамда өзін өзі ұстай алу манерасы деген мағынаны береді. Өзін-өзі ұстау манерасы адамның ішкі мәдениетін және ой-өрісін көрсетеді. Қызметтік этикет ақыл және ішкі құндылықтарға негізделген қызметтік қарым қатынастың негізін құрайды. Сонымен бірге қызметтік этикет – адамның мәдениеті мен ішкі құндылықтарының сыртқы көрінісі. Жалпы, азаматтық және арнайы қасиеттерге тоқталу арқылы мемлекеттік қызметшінің этикалық бейнесін шығаруға болады. Жемісті еңбек болу үшін қызметшілер арасындағы қарым-қатынас үрдісінде өзара адалдық пен әділдікті талап етеді. Бұл мемлекеттік қызметшінің кәсіптік этикасындағы басты нормаға жатады. Адалдық пен әділдік мемлекеттік қызметшіге адамдармен қарым-қатынаста неғұрлым тез әрі тиімді жұмыс істеп, тіл табысуға олардың істері мен саналарын тез түсіну және мүмкіндік береді. Өз арымен келісімге келген мемлекеттік қызметшінің, мейлі ол заң бұзушыны қорғаса да, кінәлі адамдарға



тым жұмсақтықпен қараса да, өз қызметінен қандай да бір пайда табуды көздеп отырса, өз әрекетсіздігіне кешіріммен қараса – бұл оның жеке басының әділетсіздігі емес. Бұл – қызмет істеп жүрген мекеменің беделіне нұқсан келтіру. Адалдық пен әділдік мемлекеттік қызметшінің кәсіптік этикасындағы өзге нормалармен – оның қайырымдылығымен, сезімталдығымен көмекке дайын тұрар қасиетімен тығыз байланысты.

Мемлекеттік мекемеде көптеген мәселелер қаралады. Оның кез келгені адамдардың іскерлік әрекеттерімен тығыз байланысты. Мұндай этикалық нормаларды қолдану мемлекеттік қызметшіге күн сайынғы жұмыс барысында кездесіп отырады. Сондықтан белгілі бір мәселелерді шешерде, мейлі шаруашылық, мейлі басқару шешімдері болсын ұрысудың, есеп алудың (тіпті адам қателік жіберсе де) қажеті жоқ, ұстамды және қайырымды, жұмысқа жаны ашығандықпен мәселені шешу істің ілгері басуына көмектесетіндігі айқын. Ұстамдылық мемлекеттік қызметшінің аса бір жоғары қасиеттерінің бірі болып саналады. Бұл адамның өзін өзгелерден жоғары қоймауынан, өзіне ерекше бір артықшылықтар

алғандай сезімде болуынан көрінеді. Ол өзін қоғамдық тәртіпке саналы түрде бағындырып, өзгелерге деген құрмет сезімін жоғалтпайды, олардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне кешіріммен қарап,өзінің кемшіліктерін дер кезінде түсініп, күресе біледі. Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы – мемлекеттік қызметшінің өз беделі. Беделдің жиналуы – өз ісін терең білуі мен қажымас еңбек, адалдық пен әділдік, қарапайымдылық пен байсалдылық, өзіне де өзгелерге де талап қоя білушілік және парыз бен жауапкершілікті түсіне білу. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы үкіметтің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған. Мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесі Қазақстан Республикасындағы демократиялық жаңарулардың дамуына қарай өсе бермек. Сондықтан мемлекеттік қызметшіге кәсіби және жеке тұлға ретінде өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыру – басты мақсат.

Ж. ИЛЬСОВА,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
соты кеңсесінің бас маманы – сот
мәжілісінің хатшысы

КӘСІБИЛІК – ҮЛКЕН ІЗДЕНІСТЕР
НӘТИЖЕСІ

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде «Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғарғы талаптар қояды» делінген.

Мемлекеттік қызметшіде жоғары жауапкершілік, кәсіптік біліммен қоса, оның білімін тәжірибеде қолдана білу, адалдық, белсенділік сияқты қасиеттер болуы қажет.

Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын білугі және өз елінің патриоты болуы тиіс. Ел мүддесі үшін жүрген маман өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеуі керек.

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік құрылымның қажетті және маңызды элементі. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстырушы рөл атқарады. Басты критерий – қоғамдық

қатынастарды ұйымдастыру және реттеу бойынша мемлекеттік басқару функцияларын кәсіби орындау және сауатты іске асыру.

Мемлекеттік қызмет үшін имидждің функционалдық және мәртебелік мәні бар. Бұл халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметтің, мемлекетті жүргізіп отырған қайта құрулардың тиімділігін бағалау өлшемі.

Мемлекеттік қызметтің имиджі мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің нақты әлеуметтік топтардың және жалпы қоғамның талаптары мен үміттеріне сәйкестік дәрежесін белгілейді.

Осыған орай, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасы негізгі мақсаттарының бірі этикалық нормаларды жетілдіру болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасының маңызды аспектісі – моральдық тұрғыда өзін-өзі шектеу, яғни басқа азаматтарға қарағанда оларға жоғары талаптардың қойылуы. Мемлекеттік қызметшілер өзінің қызметтік міндеттеріне байланысты адам мен аза-

маттың құқықтарына, бостандықтарына оң көзқарасымен ерекшеленуге тиіс.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің стратегиялық міндеті мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін арттыру болып табылады. Осы мақсатта әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды, сондай-ақ, еліміздің әрбір өңірінде агенттіктің әдеп жөніндегі кеңесі жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшінің жағымды имиджіне қойылатын негізгі ережелер ҚР Ар-намыс кодексінде анықталған, онда: «Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды» делінген.

Мемлекеттік қызметтің имиджі мемлекеттік органдармен халыққа көрсетілген қызметтік сапасына байланысты.

Қ.САҚТАҒАНОВА,
Қызылорда қалалық мамандандырылған
тергеу сотының жетекші маманы

Ұлттық Банк «Барыс жылы» коллекциялық монеталарын айналымға шығарды

Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) номиналы 500 теңгелік «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Барыс жылы» алтын және күміс коллекциялық монеталарын 5 қарашада айналымға шығарды. Монеталардың сатылымға шығатын күніне қатысты ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша хабарланады.

Монеталардың дизайнында «Шығыс күнтізбесі» сұ-бұрқағының (Алматы) сәулет элементтері пайдаланылды. Мүсіндік композицияны суретші-монументалист В.Твердохлебов А.Татариновпен және В. Кацевпен бірлескен авторлықта жасаған.


«Барыс жылы» монеталарының сипаттамасы:

Монеталардың аверсінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифологиялық символы мен монета дайындалған металды, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазулар, күннің стильдендірілген бейнесі және монетаның номиналы бейнеленген.


Монеталардың реверсінде орталық бөлігінде шығыс күнтізбесі бойынша 2022 жылдың символы – барыс бейнесі бейнеленіп, айналдыра «2022», «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және «ORIENTAL CALENDAR» жазуы бар. Ішкі жағында шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Алтын және күміс монеталар он екі қырлы және олардың беті мен сырт жағындағы бейнелері бірдей.

Алтын монеталарының бейнеленуі



Күміс монеталарының бейнеленуі



Монеталар:

1) 999/1000 сынамалы алтыннан жасалған, массасы 7,78 грамм, диаметрі 21,87 мм, дайындау сапасы – «prгоof», номиналы 500 теңгелік, таралымы 1 000 дана;

2) 925/1000 сынамалы күмістен жасалған, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, дайындау сапасы – «prгоof», номиналы 500 теңгелік, таралымы 3 000 дана.

Номиналы 500 теңгелік алтын және күміс монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында нақты құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу, аударым жасау үшін қабылдануға, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде ұсакталуға және айырбасталуға жатады.

Алтын және күміс монеталар қадесый орамасымен шығарылады, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі ҚҰБ нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.



ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТ әке болмайды

АЛИМЕНТ ЕШҚАШАН АТА-АНАНЫҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ. БҮЛ ҚАРЖЫ БАЛАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ҚАЖЕТТІЛІГІН ӨТЕУ ҮШІН ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ. АЛАЙДА, ӘКЕ БЕРЕТІН МЕЙІРІМДІ, ҚОЛДАУДЫ, ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ТӘЛІМ-ТӨРБИЕНІ ҚАРЖЫМЕН ТОЛТЫРУ МҮМКІН ЕМЕС. МІНЕ, ОСЫНЫ КЕЙБІР АЗАМАТТАР ТҮСІНЕ БЕРМЕЙДІ. ОСЫндай ӨЗ БАЛАСЫНА АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН ҚАШАТЫН ӘКЕЛЕР СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛМАЙ ОРТА ЖОЛДА ҚАЛУЫНА ЗАЛАЛЫН ТИГІЗІП ОТЫР. БҮГІНДЕ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӨНДІРІСІНДЕГІ ІСТЕРДІҢ БАСЫМ БӨЛІГІ АЛИМЕНТ ӨНДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ.



Ерлан МАНАБАЕВ,
Алматы облысы өңірлік палатасының
жеке сот орындаушысы

Жыл сайын Қазақстанда ажырасу деректері жиілеп барады. Ерлі-зайыптылар арасындағы некенің бұзылуынан ең алдымен

балалар зардап шегуде. Кез келген бүлдіршін анасы мен әкесінің жанында, тыныш, тату отбасында өскенді қалайды. Өкінішке орай, баланың пікірімен санасып жатқан ата-ана жоқ. Ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік ажырасқаннан кейін де тоқтамайды. Өйткені алимент беруден жалтаратын азаматтар көбінесе бұрынғы әйеліне ақша бергісі келмейтінін алға тартады. Сол себепті олар мекенжайын жиі өзгертіп, ресми айлығын жасырып, қаржысын қолма-қол алуды әдетке айналдырады. Мұндай жауапсыздықтың зардабын балалар тартады.

Алименттің ең көп таралған түрі – баланы асырауға төленетін төлемдер. Сондай-ақ, балалардың анасына, өзін асырай алмайтын зайыбына және ересек адамның өз ата-анасына төлейтін алимент те бар. Алимент сот шешімімен немесе тараптардың келісімімен төленеді. Алимент төлеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариуста куәландырылады.

Егер келісімге келу мүмкін болмаса не-

ӨРТУРА

12 Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласының №2 сотына Көшім19/1 мекенжайында тұратын азаматша Максим Айдана Замірбек қызынан Орал қаласы, Хамид Чурин көшесі, 53 мекен-жайында тұрған азамат Сарсанғалиев Асхат Қалырбекұлының хабар-ошарсыз кеткенін жариялау туралы өтініш келіп түсті. Азамат Сарсанғалиев Асхат Қалырбековичтің 17.05.1984 ж. туралы мәліметтері бар тұлғаларға Орал қаласының №2 сотына Г.А.Арыстановаға хабарлауды сұраймыз. Жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде.

4. «12.02.2019 ж. «Сактандыру компаниясы «Альянс Полис» АҚ (бұдан әрі – Сактандыру компаниясы) акционерінің № 2019/1 шешімімен Сактандыру компаниясын өз еркімен тарату туралы шешім қабылданды. Басқарманың Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 52 қаулысымен Сактандыру компаниясын ерікті түрде таратуға рұқсат берді. Акционерінің 15.06.2020 жылғы №2020/2 шешімімен тарату комиссиясы құрылды. Акционерінің 04.10.2021 жылғы №2021/2 шешімімен тарату балансы бекітілді. Агенттік 2021 жылғы 13 қазанда жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою туралы анықтама берді. Алматы қаласының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ 02.11.2021ж. №32600 бұйрығымен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі Ұйымның тарауы туралы мәлімет тіркелді («Заңды тұлға» мемлекеттік деректер базасы). Ұйымның тұрақты сақталатын құжаттары сақтау үшін Алматы қалалық Орталық мемлекеттік мұрағатқа тапсырылды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 377-бабының 1-тармағына сәйкес таратылған заңды тұлғаның міндеттемесін орындау заңмен басқа заңды тұлғаға (азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келуі салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша) жүктелген жағдайлардан басқа реттерде, міндеттеме заңды тұлға (борышқор немесе несие беруші) таратылғанда тоқтатылады».

МҰРАГЕРЛІК

5. 2021 жылдың 22 мамырында қайтыс болған Абитов Амантайдың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келетіндер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.87773677972.

6. 17.07.2019 ж. қайтыс болған Нурпеисов Тұймеханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан облысы, Түркістан қаласы, С.Ерұбаев көшесі, 199Л мекенжайы бойынша нотариус П.А.Айдарбековаға жолығуы керек. Тел.: 87011721304.

7. 24 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған Иманбеков Адилжан Мадраиловичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.87773677972

8. 30.06.2020 ж. қайтыс болған Казиев Төлепбек Дубековичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, 19а мекенжайы бойынша нотариус Г.Б. Смагуловаға жолығуы керек. Тел.: 87472671700.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063799, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

месе тараптардың бірі алименттерді төлеуден бас тартса, онда сотқа өтініш беріп, алименттерді мәжбүрлі төлеткізуге болады. Ол үшін Азаматтық процессуалдық кодексінің 32-бабына сәйкес сотқа талап арызбен жүгіну қажет.

Жеке сот орындаушылар алиментке қатысты сот актілерін бірінші кезекте орындауға күш салады. Қалай болғанда да мұның артында бала тағдыры тұр. Әкелік парызын өтеуден қашып жүргендерді тауып алдымен сот актісін дер кезінде орындауға шақырамыз. Алимент төлеуге мойын бұрмаса, ескерту жасалады. Одан кейін жалақысынан алимент сомасын ұстап қалуға әрекет жасалады. Алиментті жалақыдан ұстау борышкер жұмыс істейтін ұйым бухгалтерінің басшылығында болады. Оны ұстау және аудару үшін нотариалды расталған келісім мен сот бұйрығы немесе атқару парағы қажет. Алайда, борышкер әкелер көбіне-көп жалақысын заңды түрде алмайды, табысын барынша жасырады. Олар жылжымайтын, жылжитын мүліктерін, банктегі шоттарын да туыстарының атына жазуға машықтанған. Мұндай жағдайда берешектен алиментті өндіру мүмкін емес.

Соған орай жеке сот орындаушысы борышкерді үкімді орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы сотқа ұсыныс енгізеді. Ондайда әкімшілік айыппұлдың мөлшерін сот судьясы айқындайды. Немесе борышкерге айыппұлдың орнына 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы тағайындалуы мүмкін.

ТАРАТУ

2. Қостанай облысы әкімдігі Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Қарабалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. БСН 990240000090. Шағымдар Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Мир көшесі, 7-үй мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны: 8 714 413 39 51.

3. «Дидар и К» ЖШС-і БСН (190940023781) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады. Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, көшесі Қожа-Ахмет Яссауи, құрылыс 45

10. ШҚО Білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «Орақ-Балға шағын жинақты бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 130940002679) таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 58 үй, сот: 87018518415

11. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Эльмира-Гинаят» ұйымы, БСН 010240011211 (Атырау облысы, Атырау қ., Вокзал маңы-3 ықшам ауданы, 22 ү., 8 пәт.), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Мұнайшы ық. ауд., 5 көше, 74 үй. Тел.87785162388.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттар филиалдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Мадияр Темірұлы Балкенге әкесі
Темір Балкеннің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Түркістан облысы Судьялар қауымдастығы мен Түркістан облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Мадияр Темірұлы Балкенге әкесі, сот жүйесінің ардагері
Темір Балкеннің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Асылбек Сейілханұлы Мұсралиновке әкесі
Сейілхан Қанапияұлының қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

ЖК «KAIOOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

III. Қақпан

Көз жасы құрғап, күмән-күдігі мен қорқынышын сабырға жеңдірген Әсем баласын әлдекімдердің ұрлап әкетіп, енді соны «сатып ал» деп талап етіп отырғанын түсінді.

Хатта жазылған талапты да бұл-жытпай орындады. Әуелі подъездің қасындағы бөлменің шамын түнде 7 рет өшіріп-жағып, шартпен

«Сіздер бізді алдап, алдын ала келіскен жерімізге бір топ «менттерді» топырлатып қойдыңыздар.

Бірақ біздің адам «ғашықтардың» рөлін ойнап, өтірік сүйісіп тұрған ҰҚК қызметкерлері мен «Жасыл Тараз» ЖШС-ның көше тазалайтын сары күртешелерін киіп, саябақтың жолын сыпырған боп жүрген бір топ полицейлерді сезіп, баспалдақтың маңайына жолаған жоқ.

Сіздердің жолдарыңыз болды! Ал біз ұтылдық. Сіздің ұлығыз үшін ініміз екеуміз 20 000 теңгеден астам ақша жұмсадық. Хош-сау болыңыздар!»

екен. Мен айтқандай есімдері де Марат пен Асқар емес, мүлде басқа. Бірақ қалалық соттың үкімі шықпайынша олардың аты-жөндерін жар салып, жария етуді жөн көрмей отырмын. Бәлкім, шытырман оқиғалы кітап кейіпкерлері сияқты құпия боп қалғаны да дұрыс шығар.

Тергеу кезінде көп жайға қанықтым. Олар бұл іске бұзақылығынан немесе ақшаны күн сайын қажет ететін нашақорлығынан, тіпті, О. Генри сияқты атақты жазушыларды көп оқығандығынан бармапты.

Әкесі қайтыс болған, ағайын-туыс дегеннен мүлде ада. Үйінде ағайынды екеуі ғана. Анасы аурушаң. Сүйектерінің бөрі қисайып кеткен. Ем-

ҚАРА ПАКЕТТІҢ «ҚҰПИЯСЫ»



«келіскендігін» білдірді. Ертесіне қара пакетке салынған 10 000 және 20 000 теңгеден тұратын, барлығы 500 мың теңге болатын ақша да «Дельфин» бассейніне көтерілетін екі баспалдақтың оң жақтағысының алаңшасында жатты. Бірақ...

Бірақ уәделі уақытта қара пакетті алуға ешкім келмеді. Сірә, қарақшылардың иісшіл тұмсығы бірдеңені сезіп қойса керек. Ал кешке қарай үйге кіріп келген Димашты көріп Әсем есінен танып қала жаздады.

— Димашжан, қайдан келдің? Полицейлер құтқарды ма?

— Ешқандай полицияны көргем жоқ, мама. Мен Асқар, Марат ағармен бірге өзім келдім.

— Марат, Асқар дейсің бе? Олардың кімдер?

— Жаңа достарым. Түнде солардың үйінде болдым.

Баласының аман-сау келгеніне әлі де сенбей, оның басынан сипап, бетінен сүйіп, аяқ-қолдарын қайта-қайта ұстап жатқан Әсемнің саусағына осы кезде Димаштың төсқалтасынан шеті шығып тұрған қағаз ілінген.

Тағы да қарақшылардың хаты. «Бұлар бізден енді не талап етіп отыр екен?» деген ойдан жүрегі секем алып, оқи бастады.

Әсем көз жасына ерік берді. Қуаныштың жасы. Күйеуін де, енесін де, Димашты да құшақтап сүйе берді. Сүйіп жүріп «Уһ, бәрі жақсы болды-ау ақыры» деп, тағы жылайды.

Көз жасының да жақсысы болады екен. Ол — көңілің елжіреген сәттегі тәубе жасы. Ол — жүрегіңді жаулаған кектің бәрін ұмытып, кеудең ашылып, бір кең тыныс алған шақтағы кешірім жасы.

Айтпақшы, ана ретінде мына заманға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «мейірімді» қарақшылардың әрекетін кешіре алар ма еді? Қайдам. Дәл қазір бұл туралы ойлап, пәлсәпа соғуға әл-дәрмені жоқ.

Ал Димаштың әжесі Бұлбике апай да немересін айналып-толғанып жаны қалар емес. Еркебұлан да бауырын әбден сағынып қалған екен, інісінің жанынан өбектеп шықпай жүр.

Димаштың ғана ойында түк жоқ. Сірә, ол өзінің бір тәуліктен астам уақыт бойы «тұтқын» болғанын да сезбеген болуы керек.

IV. Тергеушінің сыры

Шынымды айтсам, «көнігі қарақшы» деп жүргенім ауыздарынан ана сүті кеппеген жасөспірімдер

делмеген тәупі, қаралмаған дәрігері де кемде-кем. Ал үнемі ем-дом алып отыруға мүгедектігі үшін берілетін азғантай ғана ақша жетпейді. Балалардың жанын жегідей жеп қинаған, міне, осы ана ауруының мәселесі екен.

Хатты оқыған кезде-ақ күдіктерілдің сауатты екенін байқадым. Ондағы «сіз» деп басталып отыратын «сыпайылық» та таңғалдырмай қойған жоқ. Ойым алдамапты. Мектептегі оныншы мен сегізінші сыныптарда оқитын «қылмыскерлерімнің» оқу үлгерімдері кілең «4» пен «5» екен. Әсіресе, әдебиет, тарих, география жөне спорт сабақтарынан өте жақсы.

Сосын... «егер олар байлардың ақшасына көзінің сұғын қадаған тісқаққан қарақшы болса, онда неге бар болғаны 500 мың теңге талап етті?» деп ойладым. Тіпті, таңғалдым. Мұндай ақша Димаштың ата-анасы сияқты кәсіпкерлер үшін мына тұрған Түркияға бір барып келгендеріне де жетпейді емес пе? Ауыз жарымайтын теңгеге бола басын бөйгеге тіккен неткен адамгершілігі зор ұрылар бұл?

Димаштың әкесімен де сөйлестім.

— Мен бұларды «қайтсеңдер де түрмеге қамандар» деп ешкімнен

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау — ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жолдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі биылғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың он бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі:

Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жұлде алмаған шығармасын келесі жылы байгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт — байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жұлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі — ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.



талап етпеймін. Ондай қатыгезің мен емес. Уақытылы тамақтандырып, ойнатып, жақсылап күтіп-баққандары сонша Димашым оларға бір күннің ішінде бауыр басып қалыпты. Үйге қайтқысы да келмеген, әуелі.

— Судья сізбен ақылдаспайды ғой.

— Оның рас. Бірақ сот ауыр жаза қолданса, олардан болашақта жақсы адам шықпайды

— Мінез-құлықтары өзгеріп, қазіргіден де жаман боп кетуі мүмкін дейсіз ғой.

— Сосын ғой соттатқым келмей отырғаны. Одан да оқысын, жұмыс істесін, мен сияқты үлкен дәулетке қол жеткізсін. Үйленсін, бала-шағалы болсын. Бірақ күндердің күнінде олардың баласын да өздері сияқты ақшадан тарыққан біреулер ұрлап ап кетсін. Міне, сонда ғана олар Алла тағала мен ата-ана алдындағы кінәсін түсінеді. Бауыр еті — баласы үшін ата-анасының қандай азапқа түсіп, қандай қасірет шегетінін сонда ғана ет жүрегі езіліп отырып сезетін болады.

Димаштың әкесінің «Ананың қарғысы — бөк, әкенің қарғысы — оқ» деген сөзден хабары бар ма, жоқ па білмеймін, бірақ оның ойынан жүрегім мұздап кетті. Оған Асқар мен Мараттың «Димашты өлтірмек тұрмақ, оған қолымызды да көтере алмас едік. Ал хаттағы суық сөздерді ата-анасы қорқып, болмашы ғана ақшаны у-шусыз әкеп берсін деп жаздық. Бірақ олардың полицияға хабарлағандарына қарағанда сөздеріміз соншалықты қорқынышты боп шықпаған сияқты. Сірә, бізден дені дұрыс қарақшы шыға қоймас» дегенін айтқым кеп отырғам, бірақ айтпадым. Дұрысы айта алмадым.

Жас тергеуші үшін мұндай мінез керек пе, жоқ па білмеймін, бірақ тергеу барысында хаттамаға кірмей қалған тағы бір құпияны Димаштың әкесінен жасырып қалдым.

Неге екенін қайдам, Димаштың анасы Әсем де, әкесі Сұлтан да, әжесін қойшы, «Ау, біздің Әлия деген туысымыз бар екенін, сосын

пәтеріміздің бір бөлмесі подъездің қасына орналасқанын қарақшылар кімнен сұрап біліп алды?» деп неге бір рет ойланбады? Қайдан білейін, ойланса ойланған да шығар. Бірақ «отбасымыз жайлы ақпарат өз үйімізден шығуы мүмкін-ау» деп айтады дейсің бе тергеушіге? Міне, гөп қайда?

Оқиғаның ұшы қайда жатқанын Марат оқитын сыныптың журналынан Еркебұланнның аты-жөні де сопаң етіп шыға келгенде-ақ жүрегім сезіп, қойын дәптеріме түртіп қойғам. Тіпті, екеуінің жұптары ажырамайтын дос екенін де айтып берген оқушылар.

Ал Сұлтан ағай болса өзінің үлкен ұлы Еркебұлан туралы ештеңе демеді. Баласының ұйымдасқан қылмыстық топтың (егер солай деуге болатын болса) «белсенді мүшесі» екенін білгісі де келмеді. Бірақ тергеу ісі созыла түскенде ол туралы білетін еді, сосын оны өкіне отырып мойындайтын да еді, бірақ абырой болғанда Марат пен Асқар оқиғаны ушықтырмады. Дер кезінде естерін жиып, Димашты үйіне аяқ-қолы сапсау күйінде әкеп тастады. Ендеше «бұл қылмыстың бір жағында үлкен ұлығыз Еркебұлан тұрған» деп ата-анасының жүрегің жаралағаннан не ұтам? Оның үстіне Марат та, Асқар да азамат екен, қысылтаяң сәтте Еркебұланды сатпады. Жеке бастарын арашалап қалу үшін «Бөріне кінәлі анау» деп оған қарай саусақтарын шошайтпады.

Шірікін, Димаштың әкесінің орнында болсам «күндердің күнінде олардың баласын да өздері сияқты ақшадан тарыққан біреулер ұрлап әкетсін. Міне, сонда ғана олар Алла тағала мен ата-ана алдындағы кінәсін түсінеді» деп қарғыс аралас философия соққанша, олардың анасына қаржы-қаражат жағынан қарайласып, ал анау үлкен жүректі екі ұлдың шалыс басқан қадамын кешіріп, тәрбиесіне кірісер ем...

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
ТАРАЗ ҚАЛАСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор
Жаннахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жанасая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамдиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үйі.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет —
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №163 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31